

Кіріспе

Қазақ тілінің жер-су атауларын зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы зор.

Асыл қазына болып қалыптасқан жер-су атауларының лингвистикалық және тарихи-этнографиялық қыр-сырын ашу – тіл білімінің үлкен бір саласы ономастиканың міндеті.

Географиялық атауларда (топонимика) халықтың тарихы, тіл тарихы және тарихи география жөнінде қыруар бай материал, құнды деректер сақталған. Топонимика мен ономастика – тел қозыдай етене ғылым. Олар жер астында тұнып жатқан қазба байлық немесе археологтарға сирек кездесетін құнды көне заттар іспеттес. Демек, оның қойнауында замандар бойы сақталған, талай ғасырдың куәсі болған тарихи сөз-атаулар бар. Қазіргі сөйлеу тілімізде, сондай-ақ әдеби тілде қолданудан мүлде шығып қалған сөздер осы географиялық атаулар құрамынан табылады. Өйткені, олар географиялық атаулар ретінде тұрақталып, берік орын тепкен соң ғасырлар бойы өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Сондықтан да халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тіл арқылы өткен тарихымыз жайлы көп мәлімет аларымыз сөзсіз.

Бұл күнде тіл бөлімінде әрбір тілдің сөздік қорындағы географиялық атауларды ғылыми жүйеде зерттеуге үлкен мән беріліп отыр. Мұның нәтижесінде туыстас түркі және көршілес тілдер материалдары негізіндегі топонимикалық зерттеулер кең өріс алуда. Бұл орайда Қазақстан Республикасы жер-су атауларын (топонимдерін) зерттеудің де мәні арта бермек. Өйткені, Қазақстан жер-су атаулары (топонимдері) ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлық, сондай-ақ халық қазынасының асыл мұрасы.

Бұл еңбек әлі күнге дейін ғылыми-тілдік тұрғыдан шешімін таппаған Қызылорда облысының аймақтық жер-су атаулар (топонимдер) жүйесін зерттеуге арналған. Бір өлкенің жер-су атауларын зерттеп, жан-жақты талдау негізінде сол аймақтағы халық тарихын, жер-су атауларының (топонимдердің) ғылыми-практикалық маңызын анық байқауға мүмкіндік береді. Аймақтық жер-су атаулары (топонимдер) тіл тарихын, оның жергілікті тіл ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізеді. Сонымен бірге сол өлкеде өмір сүрген, сол жерді иемденуші этностың экономикалық, мәдени өмірі анықталады. Қызылорда өңірі жер-су атауларын (топонимдерін) зерттеудің лингвистикалық және тарихи-этнографиялық мәні ерекше. Өйткені зерттелген өңірдегі жер-су атаулары да (топонимдер де) республиканың басқа өңірі топонимдері сияқты белгілі бір кезеңнің емес, ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан сан мыңдаған жылдар жемісі. Сондықтан да жер-су атаулары (топонимдер) қоғам өмірі, халық тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың құрамында әр кезеңде Қазақстанда, Қызылорда өңірін мекендеген әр түрлі ел тілі мен сол халықтың сөздік қорындағы географиялық атаулар да жиі ұшырайды. Бұл жер-су атаулары (топонимдер) құрамында лексикалық, фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктердің және көнерген элементтердің ұшырасуы халқымыздың көне тарихын, этнографиясын, тіл тарихын зерттеуге үлес қосады. Әсіресе, палеолитте, мезолитте, неолит пен энеолиттегі мекендер мен қоныстардың сыры ерекше. Мысалы: Арал маңындағы Жалпақ, Қосмола алқабындағы

тұрақтар. Бұл палеотопонимдер қазақ халқының көне дәуірдегі салт-санасын ғана білдірмей, оның этногенезін, тайпалар мен руларды анықтауға аса құнды материал болып табылады. Өлке жер-су атаулары (топонимдері) көне заман, өткен тарихымызбен байланысты болса, екінші бір тобы Кеңес өкіметінен кейін пайда болған қоғамдық өзгерістердің куәсі болып табылады.

Қазақстан Республикасының топонимикасын (микро-макротопонимдерін) арнайы зерттеген ғылыми мақалалар, кітаптар жазылып, тарихи-тілдік тұрғыдан докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, жекеленген жинақтар мен қысқаша жер-су атауларының сөздіктері де жарық көрді. Бұны тілге тиек етіп, Қазақстан өңірі топонимикасының барлық мәселелері жан-жақты шешіліп болды деп түйіндеу негізсіз. Бажайлап карасак, Қазақстан жер-су атауларының тілдік жүйесі, лексикалық қабаттары, әр алуан қабаттардың қай тілге тәндігі мен тілдік ерекшеліктері, жер-су атаулары жасалуындағы негізгі заңдылықтары мен құрылымдық түрлері және семантикалық өрістері, сондай-ақ микро-топонимдер тілдік, этимологиялық тұрған да әлі толық зерттелмей келеді. Сондықтан да жұмысымызға негізгі объекті болған өңір – Қызылорда облысының макро-микро-топонимдері. Біз бұл еңбекті зерттеу, жазу барысында бұрынғы Одақ көлемінде және түркология саласында жарық көрген еңбектерді түгелдей басшылыққа алдық. Оның ішінде Э.Мурзаев, В.Никонов, А.Суперанская, В.Жучкеевич, Е.Поспелов, П.Серебренников, А.Дульзон, А.Кононов, Н.Баскаков, К.Мусаев, т.б. еңбектері топонимиканың теориясы мен практикасының қыры мен сырын ашып береді. Қазақстандағы топонимикалық зерттеулер Ғ.Қоңқашбаев, А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов, В.Попова, Е.Керімбаев, т.б. еңбектерінде жан-жақты сөз етілген.

Өзбекстан топонимикасы жөнінде Х.Хасенов, С.Қараев, Л.Каримова, З.Досымов, т.б. докторлық, кандидаттық диссертациялар жазса, Қырғызстан жер-су атаулары (топонимдері) барысында Д.Исаев, Қ.Қоңқобаев, С.Өмірзақов, т.б. еңбектерінен біраз мәліметтер аламыз. Түрікмен топонимистерінен С.Атаниязов, М.Гелдиханов, т.б. тілшілерді атауға болады. Ал азербайжан топонимдері туралы А.Алиев, Р.Юзбашев, С.Моллазаде, Т.Ахмедов, т.б. жазса, татар, чуваш, башқұрт жер-су атауларынан (топонимдерінен) Г.Саттаров, Ж.Киекбаев, А.Камалов, Р.Шукуров, З.Ураксин, т.б. диссертациялар қорғап, кітап жазған. Ал О.Молчанов Алтай топонимикасын зерттеп, кандидаттық және докторлық диссертация қорғау барысында монография мен сөздік шығарса, Г.Корчилов чуваш (жер-су атауы) топонимі жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған, сондай-ақ шор, якут, хакас жер-су атауларынан (топонимдерінен) А.Бонюхов, К.Грешенко, М.Жевлов кандидаттық диссертация қорғап, сөздіктер шығарды. Және бір ескертетін жайт – Ономастиктердің көп жылғы зерттеу еңбектері барысында «Ономастика Средней Азии», «Ономастика Востока», «Ономастика Поволжья», «Ономастика Узбекистана», «Вопросы ономастики Киргизии», «Вопросы ономастики Башкирии», «Диалекты и топонимия Сибири», «Тюркская ономастика» т.б. жинақтар шыққаны белгілі.

Бұл қысқаша шолу арқылы түркі тіл білімінде географиялық атауларды зерттеу мәселесіне ерекше мән беріліп, мейлінше дамып отырғанын аңғаруға

болады. Сол себепті Қазақстан Республикасына қарасты бұрынғы 19 облыс топонимдерінің зерттеу жұмыстары аймақтық жолмен іске асырылуы керек. Ол үшін әрбір аймақтағы топонимдерді мұқият жинап, диссертация, мақала жазып, соның негізінде сөздіктер шығару қажет. Осыған орай біздің зерттеу тақырыбымыз Қызылорда облысы топонимдерін тарихи-тілдік тұрғыдан зерттеуге арналып отыр.

Еңбектің зерттеу объектісі – Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы, Арал аудандарының микро және макротопонимдері. Зерттеу объектіміздегі өңір-тарихи, мәдени, этнографиялық және лингвистикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерге бай өлке. Қызылорда облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан. Облыс 1938 жылы 15 қаңтарда құрылған. 1817ж. Ақмешіт, кейіннен 1853 ж. Форт-Перовск аталған. Кенес өкіметі орнаған кезде ежелгі Ақмешіт аты қайта беріліп, 1925 жылы Қызылорда аталып, 1929 жылға дейін республика астанасы болған. Облыс территориясы солтүстік-батысында Ақтөбе, солтүстігінде Жезқазған, шығысында және оңтүстік-шығысында Шымкент облыстарымен, оңтүстігінде Өзбек Республикасымен шектеседі. Облыста 4 қала, 8 аудан, 13 колхоз, 82 совхоз бар. Облыстың көп бөлігін Тұран ойпаты алып жатыр. Сонымен қатар батысында Арал теңізі жағалауы, шығысында Қаратау жотасының тау алды жазығы, солтүстік батысын Арал маңы Қарақұмының төбелі-қырқалы құмды жондары, оңтүстігін Қызылқұмның солтүстік бөлігі алып жатыр. Облыс территориясына шөлейт жерге тән өсімдік, топырақ қалыптасқан, басым бөлігінде сұр және қоңыр құмды-құмайт топырақ түрлері жиі кездеседі. XIII-XV ғасырда салынған тарихи-архитектуралық ескерткіштер – Сырлытам, Қарасопы, Жалаңаш, т.б. мавзолейлер мен мазарлар сақталған.

Археологиялық, тарихи деректерге қарағанда, бұл өңірде палеолит дәуірінде адамдар коллективінің алғашқы формасы ретінде рулар қалыптаса бастаған. Неолит дәуірінде мал шаруашылығымен айналысып, тұрақты қоныстары (тұрақтары) қалыптаса бастаса, б.з.б. 2-мың жыл басында егіншілікпен айналыса бастап, қола дәуіріндегі тайпалар бірлестігі барысында ертедегі көшпелілер мәдениеті дами бастаған. Ал темір дәуірінде тайпалық одақтар қалыптасып, Арал маңын сақ тайпалары мекендеген. Бұл кезеңде массагет сақтары қоныстанған. Б.з.б. 3-ғасырда мемлекеттік нышандары бар қаңлылар бірлестігі Аралдың солтүстігіндегі Алан тайпаларымен байланыс жасаған. Қаңлы бірлестігі Таластан Аралға дейінгі Сырдария өңірін және Қаратау жоталарын қоныстанып, қаңлылар мәдениеті 3-ке бөлінген: 1) Отырар-Қаратау (қазіргі Жаңақорған ауданындағы Ақтөбе, Қарауылтөбе қоныстары); 2) Қауыншы (Сырдарияның орта тұсындағы 2-Ақтөбе қонысы); 3) Жетіасар (Қармақшы ауданында, орталығы Алтынасар қаласы болған). Парсы патшасы II Кир мен I Дар сарбаздары сақ және массагет тайпаларымен Арал маңында соғысқан. Қолбасшы Александр Македонский нөкерлері де Амудариядан өтіп, Арал теңізі маңына келгендігі туралы деректер көне грек және Рим тарихшылары мен географтары жазбаларынан белгілі. Ол Сырдарияны Дон (грекше Танаид, Танаис), Яксарт деп атаса, скифтер Силис, ал Македонский әскерлері «Танаид» деп атаған. IX-X ғасырлар аяғында Қарлұқ қағандығының

солтүстік батысында Сырдарияның орта және төменгі ағысында, Арал маңында оғыздардың ертедегі феодалдық мемлекеті құрылып, Хғ. бұл мемлекеттің астанасы – Янгикент (кейде Жангикент, Жаныкент деп те аталады, қазіргі Қазалы ауданы территориясында) болды. XI ғасырдың орта тұсында оғыз мемлекетін қыпшақтар қиратып, қимақтар мен қыпшақтардың түркі тайпалары қоныстанған. Түркі тайпалары егіншілікпен (тары, бидай, арпа, күріш, бау-бақша) айналысқан. Егіншілік алқаптар мен көшпелілер даласын жалғастыратын сауда орталықтары, шығыс және батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолының торабы саналған. Сырдария өңірінде Янгикент, Қаялық қалалары болды. Бұл қалаларда этникалық құрамы жағынан халқы аралас болған. Олар Жетіасар мәдениетіне жататын тайпалар тобынан, үйсіндерден құралған. Сонымен қатар Сырдария бойында жаңа қалалар мен ірі қоныстар (Баршынкент, Сығанак) пайда болды. XII ғ. соңы мен XI ғ. басында наймандар мен керейттер қоныс аударған. Қимақ мемлекеті құлағаннан кейін қыпшақтардың мемлекеттік бірлестігі (Дешті Қыпшақ) орнаған. XIII ғ. Оңтүстік Қазақстан жері монғол шапқыншылығына душар болып, XVI ғ. казак хандықтарына қарайды да, казак хандығы казак халқыны қалыптасуына негіз болады.

XVIII ғ. Оңтүстік Қазақстан өңіріне жоңғар тайпалары келіп, бұдан кейінгі тарихи жағдайы 1731 ж. бастап Россияға қосылу процесімен басталады.

Кіші жүзде хан өкіметі 1824 ж. жойылып, билеуші сұлтандар басқарған үш бөлікке бөлінеді.

XIX ғ. I ж. оңтүстік аудандардың халқы Қокан және Хиуа хандықтарының езгісінде болып, Сырдария мен Арал маңы казактары хандықтың жазалаушы отрядтарына талай рет қарсы шығып, орыстардан көмек көрсетуді сұраған. Соның салдарынан 1847 жылы Райым (Арал), 1848 ж. Қазалы бекіністері салынды. Патша әкімшілігі 1853 ж. Қокан хандығының бекінісі болған Ақмешітті алып, Сырдария әскери шебі құрылды.

Міне, осындай тарихы бар облыс өңіріндегі жер-су атауларын лингвистикалық, тарихи тұрғыдан зерттеу – казак тіл біліміне үлес қосары сөзсіз.

Тарихи-этнографиялық жағынан қарастырғанда, Қызылорда өңірі XV-XVI ғ. казак халқының негізін қалыптастырған бірнеше ру-тайпалардың қоныстанған жері саналады. Кенестік дәуірде әр түрлі халық өкілдері мен ұлыстардың қоныстануына байланысты олардың тілінен қойылған атаулар да пайда болған.

Тілдік ерекшелігі тұрғысынан зерттеліп отырған аймақта казак тілінің Оңтүстік және Батыс диалектісінің өкілдері тұрады. Мұндай тілдік ерекшеліктерді аталған өңір географиялық терминдерінен, сонымен қатар сол аймақтағы географиялық атаулардың лексикалық және фонетика-морфологиялық құбылыстарынан анық байқауға болады.